

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау үшін партиялық тізімдер ұсынған саяси партияның сенім білдірген адамдары мен бастамашыл топтарының мүшелері туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 1999 жылғы 13 шілде N 15/216. Күші жойылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 110/134 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңның 12, 30 және 31-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы қаулы етеді:

1. Партиялық тізімдерін тіркеген саяси партиялар сайлау науқанын жүргізген кезде тиісті саяси партияның өкілі болып табылатын әрбір облыста, Астана және Алматы қалаларында сенім білдірген бір-бір адамы болуына құқылы деп белгіленсін.

2. Партиялық тізімдерін тіркеген саяси партиялар сайлау науқанын жүргізген кезде барлық облыстарда, Астана және Алматы қалаларында саяси партиялардың бастамашыл топтарын құрады. Бастамашыл топтардың саны мен олардың сандық құрамын саяси партиялардың өздері дербес белгілесін.

3. Партиялық тізімдерін тіркеген саяси партиялардың сенім білдірген адамдары мен бастамашыл топтарының мүшелерін тіркеуді және оларға тиісті куәліктер беруді облыстық, Астана және Алматы қалалық сайлау комиссиялары жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

Орталық сайлау комиссиясының
төрайымы

Орталық сайлау комиссиясының
хатшысы